

**2015 жылдың 4 тоқсанына**  
**«Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесінің, Комитеттерінің қызметі туралы ақпарат**

**1. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 4 тоқсанындағы қызметі**

2015 жылдың 4-ші тоқсанында «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесі (бұдан әрі - Қоғамның Директорлар кеңесі) 5 (бес) отырыс өткізді:

- 1) 16 қазан 2015 жылы – кезекті, көзбе-көз;
- 2) 28 қазан 2015 ж. – кезектен тыс, көзбе-көз;
- 3) 13 қараша 2015 ж. – кезекті, сыртқы;
- 4) 08 желтоқсан 2015 ж. – кезекті, сыртқы;
- 5) 15 желтоқсан 2015 ж. – кезекті, көзбе-көз;

2015 жылдың 4-ші тоқсанында жоғарыда аталған отырыстар шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесі 46 мәселені қарастырды.

**Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 16 қазандағы (№ 13 хаттама) кезекті отырысының шеңберінде, күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша бірқатар шешімдер қабылданды:**

1. «Семей былғары-тері комбинаты» ЖШС жобасы бойынша бітімгершілік келісім жасасу арқылы «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ меншікті капиталының мөлшерінің, сомасы он және одан да көп пайызды құрайтын мәмілені жасау туралы.
2. «**Orda Glass Ltd**» ЖШС қызметі туралы ақпаратты назарға алу.
3. 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Қор қызметінің құқықтық аудитінің нәтижелері бойынша әзірленген сыртқы кеңесші - «Linkage & Mind» заңгерлік фирмасының ұсыныстарын орындау бойынша «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы.
4. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ның проблемалық жобаларымен Жұмыс жасау қағидасын бекіту туралы.
5. «Қазақстан инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне Әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын бекіту туралы.
6. 2015 жылдың 2 тоқсанының қорытындылары бойынша 2014-2018 жылдарға арналған «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Даму жоспарының орындалуы бойынша есеп.
7. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ корпоративтік басқаруын жетілдіру бойынша Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы.
8. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ уақытша бос ақшалай қаражатын басқару Саясатына өзгерістер енгізу туралы.
9. Ішкі аудит қызметінің 2015 жылдың 3-тоқсаны үшін есепті қарау.
10. Ішкі аудит қызметінің 2015 жылдың 3-тоқсаны үшін нәтижелілігін бағалау. 2015 жылдың 3 – тоқсаны үшін сыйлықақы төлеу.
11. «Bank RBK» АҚ «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ лимитті арттыру туралы.

Қордың 2015 жылғы 16 қазанындағы Директорлар кеңесі отырысының жоғарыда аталған күн тәртібіне сәйкес, Қордың Директорлар кеңесімен:

- 1) Қоғам қызметінің бірқатар мәселелері бойынша шешімдер қабылданды: «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ проблемалық жобаларымен Жұмыс жасау қағидалары бекітілді, «Қазақстан инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне Әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары бекітілді, «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ уақытша бос ақшалай қаражатты басқару Саясатына өзгерістер енгізілді, «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-на Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жоспары қарастырылды, «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ның «Bank RBK» АҚ-на лимиті арттырылды.
- 2) Қоғамның жобасы бойынша мәселелер шеңберінде Қоғамның жобасы бойынша шешімдер қарастырылды және қабылданды: «Семей былғары-тері комбинаты» ЖШС жобасы бойынша бітімгершілік келісім жасасу арқылы «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ меншікті капиталының мөлшерінің, сомасы он және одан да көп пайызды құрайтын мәмілені жасау туралы, «Orda Glass Ltd» ЖШС қызметі туралы ақпарат қарастырылды.
- 3) Ішкі аудит қызметінің есептері, 2015 жылдың 2 тоқсанының қорытындылары бойынша 2014-2018 жылдарға арналған «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Даму жоспарының орындалуы бойынша Қор Басқармасының есебі қарастырылды, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Қор қызметінің құқықтық аудитінің нәтижелері бойынша әзірленген сыртқы кеңесші - «Linkage & Mind» заңгерлік фирмасының ұсыныстарын орындау бойынша «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша Басқарманың Есебі қарастырылды.

**Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 28 қазандағы (№ 14 хаттама) кезектен тыс көзбе-көз дауыс беруі шеңберінде, күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша шешімдер қарастырылды және қабылданды:**

1. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 10 қазандағы (№ 13 хаттама) шешіміне өзгерту енгізу туралы («ACIG» АҚ және «Астана полиграфия» АҚ жобалары бойынша берешекті қайта құрылымдау шарттарын мақұлдау).
2. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 21 тамыздағы (№ 11 хаттама) шешіміне өзгерту енгізу туралы («Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ көліктік-логистикалық орталығын жүзеге асыру туралы).

Қордың 2015 жылғы 28 қазанындағы Директорлар кеңесі отырысының жоғарыда аталған күн тәртібіне сәйкес, Қордың Директорлар кеңесімен:

Қоғамның жобалары бойынша жоғарыда аталған мәселелердің шеңберінде, төмендегідей шешімдер қарастырылды және қабылданды: Холдингтің еншілес ұйымдарының қызметіне валюталық тәуекелдердің әсерін азайту бойынша іс-шаралар жоспарын (2015 жылғы 25 тамыз, № 25/15 хаттама «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасы), сондай-ақ залалды болдырмау және дефолт тәуекеліне байланысты Қордың қосымша шығындарын болдырмау үшін, осы жобалар бойынша индекстеуге қатысты бірқатар тетіктер қайта қарастырылды.

**Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 13 қарашадағы (№ 15 хаттама) кезекті сыртқы дауыс беруі шеңберінде, күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша шешімдер қарастырылды және қабылданды:**

1. «Қызылорда қаласында қуаттылығы 197 100 тонна/жылына болатын табақ шыны өндіру және өңдеу бойынша зауыт құрылысы» инвестициялық жобасын жүзеге асырудың кейбір шарттары туралы.
2. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүдделілігі бар мәмілені жасау туралы («А-КБК» ЖШС қаржылық көмек көрсету туралы).
3. Акциялардың он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталындағы қатысу үлестері) «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ға тиесілі болатын («Capital Logistics» ЖШС бақылау кеңесінің құрамындағы өкілдің ауысуы) заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

Қоғамның 2015 жылғы 13 қарашадағы Директорлар кеңесі отырысының жоғарыда аталған күн тәртібіне сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесімен:

Қоғамның жобалары бойынша мәселелер шеңберінде Қоғамның бірқатар жобалары бойынша шешімдер қарастырылды және қабылданды және «Capital Logistics» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесін сайлау мәселелері бойынша Қоғамның еншілес ұйымдардың қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылданды, «А-КБК» ЖШС уақытша қаржы көмегін ұсыну туралы шешім қабылданды, Қоғам және «Қазақстан Даму Банкі» АҚ арасында ақша кепілі туралы шарт жасалды.

**Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 08 желтоқсандағы (№ 16 хаттама) кезекті сыртқы дауыс беруі шеңберінде, күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша шешімдер қарастырылды және қабылданды:**

«Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын мәселені алдын ала мақұлдау (Орналастыру (сату) туралы, сонымен қатар «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ жарияланған акциялар санының, оларды орналастырудың (сатудың) тәсілі мен бағасы шегіндегі орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы).

Қоғамның 2015 жылғы 08 желтоқсандағы Директорлар кеңесі отырысының жоғарыда аталған күн тәртібіне сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесімен:

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 08 желтоқсандағы отырыс шеңберінде Қоғам қызметінің мәселесі бойынша шешім қабылданды: валюталық айқындаманы жабу және болашақта Қоғамның теңге бағамының ауытқуына тәуелділігін төмендету үшін, Қоғамның Директорлар кеңесімен Жалғыз акционерге, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на Қоғамды капиталдандыру өткізу туралы өтінішпен жүгіну туралы шешім қабылданды.

**Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы (№ 17 хаттама) кезекті көзбе-көз дауыс беруі шеңберінде, күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша шешімдер қарастырылды және қабылданды:**

1. «IAG-Trade» ЖШС-нің («А-КБК» ЖШС үлесін иеліктен шығару) жобасына қатысты кейбір мәселелер туралы» 5 мәселе бойынша 2015 жылғы 29 маусымдағы (№ 08 хаттама) Қордың Директорлар кеңесі шешімінің күші жойылды деп танылды.
2. 2016-2018 жылдардағы көрсеткіштер бойынша 2014-2018 жылдарға арналған «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Даму жоспарына өзгерістер енгізу туралы.
3. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ лимиттерін «Цеснабанк» АҚ, «Bank RBK» АҚ және «QAZAQ BANKI» АҚ-ға дейін ұлғайту туралы.
4. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 13 қарашадағы шешімімен (№ 15 хаттама) бекітілген «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы».
5. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Іскерлік әдеби кодексіні бекіту туралы.
6. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ омбудсменін сайлау (немесе тағайындау) туралы.
7. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Мүліктің жеке түрлерін сату қағидаларын бекіту туралы.
8. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен (№ 01 хаттама) бекітілген «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ның Жаңа инвестициялық жобаларын қаржыландыру туралы ережеге өзгеріс енгізу.
9. Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен (№ 01 хаттама) бекітілген «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ның Инвестициялық жобаларына қатысуды тоқтату әдістемесіне түзету енгізу.
10. Тәуекел-менеджмент қызметінің 2015 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша есеп.
11. 2016 жылға арналған «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ның критикалық тәуекелдерін басқару бойынша тіркелім, тәуекелдер картасын және іс-шаралар жоспарын бекіту туралы.
12. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ 2016 жылға арналған негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту туралы.
13. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ 2016 жылға арналған Ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту.
14. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ 2016 жылға арналған Ішкі аудит қызметінің бюджетін бекіту.
15. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитетінің, Корпоративтік хатшының (Корпоративтік хатшының аппаратының) 2015 жылдың 3-тоқсандағы жұмысы туралы есеп.

16. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Корпоративтік хатшысының (Корпоративтік хатшы аппаратының) 2015 жылдың 3-тоқсанындағы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуын қарастыру.
  17. Акциялардың он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталындағы қатысу үлестері) «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ға тиесілі болатын («А-КБК» ЖШС бақылау кеңесі мүшелерін сайлау және орындаушы органды тағайындау) заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызметтің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау туралы.
  18. «Настюша» компаниясы тобының («Настюша» астық компаниясы) ЖШҚ, «Булаев элеваторы» ЖШС, «Қиялы-Астық» ЖШС, «Қайранкөл-Астық» ЖШС, «Смирнов лифті» ЖШС, «Петропавл-Астық» АҚЖ» ЖШС) «Ресей Федерациясына азық-түліктік бидай астығын жеткізу» экспорттық операция» жобаларын «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-нан «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-на тапсыруды мақұлдау.
  19. Акциялардың он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталындағы қатысу үлестері) «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ға тиесілі болатын заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызметтің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау («Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ның «Orda Glass Ltd» (Орда Гласс Лтд) ЖШС кепілдік беру шартын жасасу туралы).
  20. Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 28.01.2015 жылғы шешімімен (№ 01 хаттама) бекітілген «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ның Инвестициялық саясатына толықтыру енгізу.
  21. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Активтерді сату қағидаларын бекіту туралы.
  22. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы.
  23. «Bio Operations» ЖШС-ның «Bioline KZ» ЖШС-нен Қормен берілген қаржылық көмекті өтеу үшін уақытша қаржылық көмегін тарту туралы.
  24. «Bio Operations» ЖШС-ның «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-нан 2016 жылдың 1 тоқсаны үшін салықтарды төлеу үшін уақытша қаржылық көмегін тарту туралы.
  25. «Bio Operations» ЖШС 2016 жылдың 1 тоқсаны үшін салықтарды төлеу үшін уақытша қаржылық көмегін ұсыну туралы.
  26. «ҚазМұнайГаз-өңдеу және маркетинг» АҚ мен «Bioline KZ» ЖШС-нің «Bio Operations» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін сату.
  27. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 12 маусымдағы «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесінің тапсырмаларын орындау туралы жобалар бойынша құқық белгілеуші құжаттарды сақтауға арналған электрондық дерекқорын цифрлау және қалыптастыру туралы есеп.
  28. Акциялардың он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталындағы қатысу үлестері) «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ға тиесілі болатын заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызметтің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау («ДТЖ» АҚ Жарғысына енгізілетін толықтыруларды бекіту; «ДТЖ» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігін тоқтату – А.А.Есмагамбетованың; «ДТЖ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау).
  29. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-ның Ішкі аудит қызметінің басшысын, Корпоративтік хатшысын еңбекақы төлеуге арналған қаражатты үнемдеу есебінен сыйлықақы беру туралы.
- Қоғамның 2015 жылғы 15 желтоқсандағы Директорлар кеңесі отырысының жоғарыда аталған күн тәртібіне сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесімен:
- 1) Қоғам жобалары бойынша мәселелер шеңберінде Қоғамның бірқатар жобалары қызметінің бірқатар мәселелері бойынша шешімдер қабылданды: Қоғамның Даму жоспарына өзгерістер енгізілді, «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 12 маусымдағы «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесінің тапсырмаларын орындау туралы жобалар бойынша құқық белгілеуші құжаттарды сақтауға арналған электрондық дерекқорын цифрлау және қалыптастыру туралы есеп.
  - 2) Қоғамның жобаларына қатысты мәселелер бойынша Қоғамның бірқатар жобалары бойынша шешімдер қарастырылды және қабылданды және Қоғамның еншілес ұйымдардың қызметі бойынша шешімдер қабылданды:
    - Қордың Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 29 маусымдағы (№ 08 хаттама) « «IAG-Trade» ЖШС жобасына қатысты кейбір мәселелер туралы» («А-КБК» ЖШС үлесін иеліктен шығару) 5-мәселе бойынша шешімінің күші жойылды деп тану, бұл шешім «OCEAN PLUS» ЖШС жобаның табыстылығына әсер еткен өзгерген нарықтық конъюнктура (бағаның өсуі және өнімге сұраныстың болмауы) есебінен, жобаны бірлесіп іске асыруға мүдделі болмағандықтан қабылданды;
    - «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ лимиттерін «Цеснабанк» АҚ, «Bank RBK» АҚ және «QAZAQ BANKI» АҚ-ға дейін ұлғайту туралы, бұл мәселе осы банктердің лимиттері таусылған және/немесе «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның Қаржы активтері мен міндеттемелерді басқару туралы Ережеге сәйкес шекті рұқсат етілген деңгейде шектелген мөлшерде болатындығына байланысты қарастырылды;
    - «А-КБК» ЖШС бақылау кеңесінің мүшелері сайланды;
    - «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-нан «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-на «Настюша» компания тобының «Ресей Федерациясына азық-түліктік бидай астығын жеткізу» экспорттық операция» жобасын тапсыру мақұлданды;
    - «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ мен «Orda Glass Ltd» (Орда Гласс Лтд) ЖШС арасында кепілдік беру туралы шарт жасалды;
    - «ДТЖ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі сайланды;
    - «Bio Operations» ЖШС-ның «Bioline KZ» ЖШС-нен Қормен берілген қаржылық көмекті өтеу үшін уақытша қаржылық көмегін тарту туралы, «Bio Operations» ЖШС-ның «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-нан 2016 жылдың 1 тоқсаны үшін салықтарды төлеу үшін уақытша қаржылық көмегін тарту туралы, «Bio Operations» ЖШС 2016 жылдың 1 тоқсаны үшін салықтарды төлеу үшін уақытша қаржылық көмегін ұсыну туралы бірқатар мәселелер қарастырылды.
    - сондай-ақ «ҚазМұнайГаз-өңдеу және маркетинг» АҚ мен «Bioline KZ» ЖШС-нің «Bio Operations» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін сату туралы мәселесі қарастырылды.

3) есептік кезеңдер ішінде Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын Қоғам қызметінің, сондай-ақ бірқатар құрылымдық бөлімшелердің бірқатар мәселелері қарастырылды.

4) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар бекітілді, оның негізі Қор мен «Ақпараттық-тіркеу орталығы» АҚ арасында электрондық аукцион (сауда-саттық) арқылы жекешелендіру шеңберінде жобаларды іске асыруға байланысты мәселелерді шешу қажеттілігі болып табылды.

## **2. «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесі Комитеттерінің 2015 жылғы 4-тоқсандағы қызметі**

2015 жылдың 4-ші тоқсанында Қоғамның Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметі негізінен Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша алдын-ала қарастыру және кейіннен Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру болды (жоғарыдағы ақпаратты қараңыз).

Жалпы алғанда, 2015 жылдың 4-тоқсанында Қоғамның Директорлар кеңесі Комитеттерінің 9 отырысы өткізілді, онда 47 мәселе қарастырылды, оның ішінде:

1) Аудит жөніндегі комитетімен 2015 жылдың қазанында 5 мәселе, 2015 жылдың желтоқсанында 5 мәселе қарастырылды;

2) Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетімен 2015 жылдың қазанында 2 мәселе, 2015 жылдың желтоқсанында 4 мәселе қарастырылды;

3) Тәуекелдерді басқару комитетімен: 2015 жылдың желтоқсанда - 5 мәселе.

4) Стратегиялық жоспарлау комитетімен – 2015 жылдың қазанында 8 мәселе, 2015 жылдың желтоқсанында – 17.

Бұдан басқа, Комитеттер отырыстарының күн тәртібі шеңберінде, Комитеттер бұрын қараған және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар беріп отырған мәселелерден басқа, Қоғамның ағымдағы қызметті жүзеге асыру шеңберінде қарастыруды қажет ететін, сондай-ақ Комитеттердің Тиісті жұмыс жоспарларына сәйкес мәселелер қарастырылды.

**Корпоративтік хатшы**  
« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2016 ж.

**М. Егембердиев**